



**Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық университетінің
ұйымдастыруымен, Алматы қаласы орта білім беру ұйымдарында Абай
атындағы ҚазҰПУ-ды бітірген мұғалімдер арасында «ТҮЛЕКТЕР – БІЗДІҢ
МАҚТАНЫШЫМЫЗ» II онлайн ұстаздар байқауының
ЕРЕЖЕСІ**



Алматы, 2019

**Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық университетінің
ұйымдастыруымен, Алматы қаласы орта білім беру ұйымдарының Абай
атындағы ҚазҰПУ-ды бітірген мұғалімдері арасында «ТҮЛЕКТЕР – БІЗДІҢ
МАҚТАНЫШЫМЫЗ» II онлайн ұстаздар байқауының
Е Р Е Ж Е С І**

I. Жалпы ережелер

1.1. Ереже ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2018 жылдың 5 қазанындағы Қазақстан халқына арнаған «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты кезекті Жолдауында педагог мәртебесін көтеретін барлық игіліктерді қарастыру туралы және «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасында айтылған ұлттың табысты болуы адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады, сондықтан тұтас қоғамның және әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың басты бағытының бірі – бәсекелестік қабілетін дамыту тапсырмаларына сәйкес әзірленген.

1.2. Абай атындағы ҚазҰПУ-ды бітірген мұғалімдер арасында «ТҮЛЕКТЕР – БІЗДІҢ МАҚТАНЫШЫМЫЗ» атты өткізілетін байқау (бұдан әрі – Байқау) Алматы қаласы орта білім беру ұйымдарындағы оқытудың жоғары тәрбиелік әлеуеті негізінде оқушы бойында рухани құндылықтарды қалыптастырып, оның бәсекеге қабілетін дамытуды қамтамасыз ететін жаңашыл мұғалімдерді анықтауға бағытталған.

1.3. Абай атындағы ҚазҰПУ-ды бітірген мұғалімдер арасында «ТҮЛЕКТЕР – БІЗДІҢ МАҚТАНЫШЫМЫЗ» атты өткізілетін байқауның Ережесі (бұдан әрі – Ереже) Байқаудың мақсаты мен міндеттерін, қатысушыларға қойылатын талаптарды, ұйымдастыру және өткізу, қаржыландыру, жеңімпаз бен жүлдегерлерді анықтау тәртібін белгілейді.

1.4. Байқаудың ұйымдастырушысы Абай атындағы ҚазҰПУ

1.5. Байқау материалдарының қоры жинақталып, талданып, дәстүрлі мәртебеге ие болады.

II. Байқаудың мақсаты мен міндеттері

2.1. **Байқаудың мақсаты:** жас ұрпақтың бойында рухани құндылықтар қалыптастыруды және бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеуді қамтамасыз ететін жаңашыл тәжірибені насихаттап, педагог мәртебесін арттыру.

2.2. **Байқаудың негізгі міндеттері:**

- мұғалімдердің шығармашылық мүмкіндіктерін ашу және педагогтік шеберлігін танытуына жағдай туғызу;
- жас ұрпақтың бойында ұлттық рухани кодтың, ұлттық бірегейліктің сақталуын қамтамасыз ететін тәрбиелік әлеуеті жоғары педагогикалық тәжірибені зерттеу;

V. Байқаудың қатысушылары

5.1. Байқауға мемлекеттік нысандағы орта білім беру ұйымдарында Абай атындағы ҚазҰПУ-ды бітірген мұғалімдер қатыса алады.

5.2. Байқауға қатысушының еңбек өтілі 3-5 жыл аралығында болуы шарт.

5.3. Байқауға қатысушы педагог пән мұғалімі болуымен қатар, 3 жылдан аса сынып жетекшісі болуы тиіс.

5.4. Әр ауданнан 3 қатысушыдан артық қабылданбайды.

5.5. 2018 жылы қатысқан ұстаздар сайысқа қатыса алмайды.

5.6 Байқауға қабылдау жүргізу 12.12.2018 ж. 18.00-де тоқтатылады.

VI. Байқауға қатысушылардың құжаттарды тапсыру тәртібі

1. Өмірдерек
2. Видео-таныстырылым
3. Жетістіктер (Халықаралық, республикалық, қалалық, аудандық)
4. Білім беру бағдарламаларына қатысты ұсыныстар (презентация түрінде)
5. Барлығын электронды түрде: saiys_kaznpu@mail.ru мекен жайына жолдайсыздар

VIII. Жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттау:

Байқаудың ұйымдастыру комитеті қазылар алқасының қорытынды хаттамасына сай жеңімпаздары мен жүлдегерлерін анықтайды.

Байқаудың жеңімпаздары мен жүлдегерлерінің саны:

2. I орын – 1

3. II орын – 1

4. III орын – 1

5. Ынталандыру сыйлықтары – 2

Байқаудың жеңімпаздары мен жүлдегерлері 13.12.2019 ж. Абай атындағы ҚазҰПУ (Достық,13), 202-кіші мәжіліс залында 11:00 де марапатталады.

Байланыс:

8 775 267 07 49, 8 707 320 25 90

**Өмірдерек
(қатысушы толтырады)**



1. Т.А.Ә. (толық) _____
2. Туған күні, айы, жылы _____
3. Білімі, бітірген оқу
орны: _____
4. Жалпы еңбек өтілі, осы мектептегі еңбек өтілі: _____
5. Біліктілік санаты _____
6. Ғылыми атағы, дәрежесі _____
7. Біліктілігін арттыру (жөніндегі
құжаттар) _____

8. Мекенжайы: _____
9. Ақпарат жіберген мекенжайы: _____
10. Байланыс телефоны: _____
11. e-mail: _____

2 қосымша

1. Уақыт көлемі: 2 минут
2. Өзіңіз бен шығармашылығыңызға, педагогикалық жолыңызға қатысты барлық дүниелерді сығымдап видеотаныстыру жасап, жолдайсыз.

3 қосымша

1. Педагогикалық қызметте алған жетістіктеріңізді сканерлеп жіберу. Жетістіктер 2014 – 2019 ж. жарамды.

4 қосымша

1. Қазіргі таңдағы білім беру бағдарламасына қатысты ұсыныстарыңызды презентация түрінде жібересіз.